

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Швейцария Үкіметінің Экономикалық істер жөніндегі мемлекеттік хатшылығы және Халықаралық сауда орталығы арасындағы "Қазақстандағы сауданы ілгерілету" техникалық көмек бағдарламасы бойынша жобалық құжатқа қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 қазандағы N 1069 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Швейцария Үкіметінің Экономикалық істер жөніндегі мемлекеттік хатшылығы және Халықаралық сауда орталығы арасындағы "Қазақстандағы сауданы ілгерілету" техникалық көмек бағдарламасы бойынша жобалық құжатқа қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі,
Швейцария Үкіметінің Экономикалық істер жөніндегі
мемлекеттік хатшылығы және Халықаралық сауда орталығы
арасындағы "Қазақстандағы сауданы ілгерілету"
техникалық көмек бағдарламасы бойынша жобалық құжат**

Ұ з а қ т ы ғ ы : 2 ж ы л (+ 3 ж ы л)

Серіктесі: Индустрия және сауда министрлігі

Жобаны бастаудың болжанып отырған күні: 2004 жылғы қаңтар

Қ ы с қ а ш а с и п а т т а м а с ы :

Жобаның мақсаты Қазақстан Республикасының шағын және орта кәсіпорындардың экспортын тұрақты ұлғайтуды нығайту және әртараптандыру болып табылады. Жоба жан-жақты және тұтас техникалық ынтымақтасу арқылы осы жобаның дайындық кезеңі (RER 61/85) уақытында Қазақстан Үкіметімен бірге сәйкестендірілген басым қажеттіліктеріне жауап береді.

Интервенциялар бенефициар талаптарына бағынатын болады, және негізгі үш облыста салынатын болады.

Мынадай төрт бас мақсаттары көрсетілген болатын:

1-басты мақсат: Кәсіпорындардың экспорттық бәсекеге қабілеттілігі сол кәсіпорындардың қызметімен (өнім дизайны, сапаны басқару немесе маркетинг сияқты

) айқындалатын облыстарда ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындардың экспорттық бәсекеге қабілеттілігін арттыру; және ақпараттық технологиялар (АТ) секторының экспорттық әлеуетін зерттеуді жүзеге асыру.

2-басты мақсат: Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу секторы үшін сауда стратегиясын дайындау процесінде мүдделі тараптар мен мемлекеттік сектордың диалогын нығайта отырып, экспортшылар үшін бизнес-ортаны жақсарту.

3-басты мақсат: Ықтимал және қазіргі экспортшыларға неғұрлым бәсекеге қабілетті болуға көмектесе алатын сапаны арттыру мен қызметтер көрсету аясын ұлғайту арқылы бизнесті қолдау қызметтерін көрсететін ұйымдарды нығайту.

4-басты мақсат: Экспортшылар шетелдік сапа стандарттарының талаптарына жақсы жауап беруі үшін Қазақстанның Стандарттау, Сапаны басқару, Аккредитациялау және Метрология (ССАМ) институттарын нығайту.

Жоба 5 жылға жоспарланған. Аралық және соңғы бағалаумен айқындалатын жобаны іске асыру бойынша ұзарту мүмкіндігімен алғашқы екі жылға қаржыландыру і з д е с т і р і л г е н

Ж о б а	Ш в е й ц а р и я	Ү к і м е т і
қ а р ж ы л а н д ы р а д ы		
Барлығы:	2,303,279	АҚШ доллары
Соның ішінен бүгінгі таңда бөлінген:		
2004-2005 (I фаза):	805,408	АҚШ доллары
(жалғасы: 2006-2008 (II фаза):		1,497,872
А Қ Ш	д о л л а р ы)	

Мақұлданды: _____ Күні: _____

Қазақстан Республикасының
Индустрия және сауда министрлігі

атынан

Мақұлданды: _____ Күні: _____

Швейцария Үкіметінің экономикалық
істер жөніндегі мемлекеттік

хатшылығының атынан

Мақұлданды: _____ Күні: _____

Халықаралық Сауда Орталығының

атынан

Кіріспе

Бұл жобалық құжат Орталық Азияда Қазақстан үшін Сауданы ілгерілету бағдарламасының жоспарланған негізгі кезеңінің ұлттық компонентін білдіреді. Жоба " (RER 61/85) - Орталық Азияда Сауданы ілгерілету" бір жылдық дайындық бағдарламасы жұмысының бір елге арналған, Швейцария Үкіметінің (seco) Экономикалық жөніндегі Хатшылығы қаржыландырған және Халықаралық Сауда Орталығы ХСО, (UNCTAD/WTO) 2002-2003 жылдары жүзеге асырған Қажеттілікті бағалау кезеңдерінің жалғасы болып табылады.

Қажеттіліктерді бағалау және растау сауданы ілгерілету саласында елдік және өңірлік қажеттіліктердің ерекшеліктерін терең түсінуге қол жеткізу үшін, сондай-ақ барлық төрт Үкіметпен сындарлы серіктестікті дамыту үшін Қырғыз Республикасында, Қазақстанда, Тәжікстанда және Өзбекстанда жүргізілген болатын. Бұл процесс барлық ұлттық төрт офистердің, өңірлік офистердің және ХСО-ның бас офисінің, сондай-ақ 40-тан астам ұлттық және халықаралық консультанттарды өңірлік пен халықаралық штаттарының өзара ынтымақтастығын білдіреді.

Осы өңірдегі ХСО-ның алдыңғы жұмыстарының тәжірибесіне негізделген Бағдарлама барлық төрт ел экспортының бәсекеге қабілеттігі үшін маңызды мәселелер аясын қамтыды. Бұл мәселелер экспортты дамытудың институтционалдық құрылымдарын бағалауды, электронды саудаға дайындығын, ДСҰ мәселелерінде бизнестің сауаттылығын, институтционалдық деңгейдегі және сапаны басқару саласындағы кәсіпорындар деңгейіндегі дамудың жай-күйін, мемлекеттік пен жеке меншік секторларды және сауда ақпаратын сатып алуларды қамтыды. Бағдарламада сондай-ақ Орталық Азия компанияларының Ауғанстан үшін гуманитарлық сатып алулар рыногына қол жеткізуін жақсарту жөніндегі модуль қарастырылды. Бағдарлама жұмысының аса маңызды қорытындыларының қатарына ұлттық және өңірлік сауда ағындарын талдау, барлық төрт ел мен өңірдің бағаланған қажеттіліктері жөніндегі есеп берулер, басшылықтың стандарттаудың төрт ұлттық институттарымен бірлесіп сапаны басқару жөнінде жариялауға дайындауы, ұлттық және өңірлік деңгейдегі мамандандырылған оқыту семинарларының сериясы, сондай-ақ гуманитарлық сатып алуларды жүзеге асыратын Орталық Азия компаниялары мен агенттіктері үшін сатушылар-сатып алушылар кездесуі жатады.

Бағдарламаның барлық жұмысы тиісті Үкіметтер тағайындаған Жобаның Ұлттық Директорларының (ЖҰД) басшылығымен жүзеге асырылды. Қазақстанда ЖҰД Нәйла Әбдимолдаева ханым, кейіннен Раушан Сембаева ханым және Маржан Күзембаева ханым болды, олар өздерінің көзқарастарымен және ұсынымдарымен үлестерін қоса отырып, сондай-ақ үкімет тарапынан практикалық қолдау көрсетумен, бағдарламаны іске асырудың барлық кезеңі ішінде қажеттілікті бағалау бойынша белсенді атсалысты.

2003 жылдың наурыз айынан бастап Үкіметтермен және бағдарламаның басқа да аса маңызды қатысушыларымен бірге ұлттық ауқымдағы техникалық көмектің келешектегі толық ауқымды бағдарламасының басымдықтары келісілген болатын.

Қажеттіліктерді бағалау және растау жөніндегі әртүрлі сарапшылардың жұмыс нәтижелері жауап түсініктемелер үшін мүдделі тараптарға ұсынылған есеп берулер түрінде ресімделген болатын. 2003 жылдан мамыр айында мұқият тексерілген талдауды, сондай-ақ бағдарламада қамтылатын барлық облыстарда макро саудалық орта деңгейінде саудадағы тосқауылдар бойынша тараптардың салымдарын қамтитын қорытынды есеп дайындалған болатын. Орыс тіліндегі бұл құжат есепке түсініктеме беру мен сауданы дамытудың үрдістері, өз елінің басымдықтары мен стратегиялары туралы талдамалық мақала дайындауға шақыра отырып, Орталық Азияның төрт Үкіметінің арасында таратылды. Барлық мақалалар "Орталық Азия Халықаралық Сауда тоғысында. Шақырымдар мен Мүмкіндіктері" жариялануына енгізіледі.

Төрт Үкіметке сондай-ақ 2003 жылғы шілде айының басында Алматы қаласында (Қазақстан) болып өткен дөңгелек стөлдiң техникалық кездесуі үшін үкімет пен бизнес өкілдерінің тобын тағайындау ұсынылған болатын. Бұл кездесу бағдарлама жұмысының бірінші жылының шарықтауы болды. Екі үлес - ХСО сарапшыларының есебінде шығарылған және құжатталған төрт елдердегі сауданы дамытудың қажеттіліктерін бағалау, және кездесу кезінде үкімет пен бизнес өкілдері құрастырған сауданы дамытудың қажеттіліктері мен ұлттық басымдықтардың құрылымы - Орталық Азияның төрт ел экономикасында сауданы дамытудың басымдықтарына және бағдарламаның оңтайлы ауқымы мен келесі кезеңінің параметрлерін пысықтауға арналған екі күн ішіндегі пікірсайыстың негізі болды. Кездесу кезінде бағдарламаны іске асыру сауданы ілгерілету мен дамыту жүргізілетін таңдап алынған облыстарда өңірлік ынтымақтастықтың өсуі мүмкін жерде қолдау түріне төрт ұлттық жоба түрінде ж а л ғ а с у ы т и і с д е п ш е ш і л д і .

Кездесу кезінде және онан кейін ұлттық топтар құрастырған сұраныстардың негізінде бағдарламаның ұсыныс жобасы әзірленді. 2003 жылғы тамыз айының соңында бұл ұсыныс құжат Үкіметтер мен басқа да мүдделі тараптарға жіберілген болатын. Қыркүйек-қазан айларында ХСО миссиясы барлық төрт елдерге барды, бағдарламаның серіктесі болып табылатын министрліктермен, үкіметтердің ведомстволарымен, сондай-ақ seco мен бизнес қауымдастықтың сол елдегі кеңсесі ретінде кездесулер өткізді және дербес тәртіпте бағдарламаның ұсыныс жобасын т а л қ ы л а д ы .

Қазақстанға арналған бұл жоба жоғарыда сипатталған мұқият жүргізілген, "не істеу керектігін" және "бұл қалай істелуі тиістігін" айқындауға бағытталған алдын ала жұмыстардың нәтижесі болып табылады. Жекелей алғандағы айрықша проблемаға шоғырландырылғаннан гөрі сауданың дамуына кедергілердің толық бейнесін тез арада алуға күш салу келісілген жобаны әзірлеуге ықпал жасады, онда әртүрлі компоненттер бірін-бірі өзара толықтырады. Мұндай тәсіл - барлық мүдделі тараптарды тарта отырып - серіктестердің мақсатқа сай ынтымақтастығын қамтамасыз етуге ықпал ете отырып,

сауда саласында әртүрлі қатысушылар мен басқа техникалық ынтымақтастық өкілдерінің одақтастығын және серіктестігін дамытуға мүмкіндік туғызды.

А. Контекст

1. Қазақстан экономикасы

Қазақстан 15 миллион тұрғыны бар, Орталық Азиядағы ең үлкен және халық ең аз қоныстанған ел болып табылады. Минералдық ресурстарының үлкен қорының және егіс жерлердің үлкен аумағының арқасында Қазақстан бір адамға шаққанда жалпы ұлттық табысы 1997 АҚШ долларын құрайтын ТМД-ның ең ауқатты елдерінің бірі болып табылады.

Экономиканың жедел өсуіне және адам басына шаққандағы табыстың жоғары болуына қарамастан теңсіздіктің едәуір деңгейі сақталуда және халықтың 38 пайызы кедей өмір сүруде. Бұл ел сондай-ақ қауіпсіз ауыз суға қол жеткізу және туберкулез ауруымен ауыру деңгейін қоса алғанда, Орталық Азиядағы ең төменгі әлеуметтік көрсеткіштерге ие елдердің бірі. Соған қарамастан, экономикалық өсудің жоғарғы қарқынының арқасында халықты еңбекпен қамту саласында ахуал жақсара түсуде және жұмыссыздық деңгейі 2003 жылдың ортасына қарағанда 9 пайызға жетіп, төмендей түседі.

Қазақстан өтпелі процестің бастапқы кезеңінде экономикалық өсудің негізін қалады. 1991 жылы тәуелсіздік алған уақыттан бері еліміз ТМД елдерінің арасында бірінші болып ең алғашқы және неғұрлым түбегейлі реформалар қабылдады. Өтпелі кезеңінің басында-ақ бағалар ырықтандырылған, саудадағы қиғаштықтар қысқарған және шағын мен орта кәсіпорындар жекешелендірілген болатын. Өтпелі кезеңнің құлдырауын еңсергеннен кейін өнеркәсіптік өндірістің жасап шығаратындарының жартысын дерлік қамтамасыз ететін мұнай және металлургия саласын үдемелі айқын дамуының арқасында ел экономикасы соңғы жылдары айтарлықтай жақсарды.

Үкіметтің саясатынан тыс ел экономикасының қарқынды өсуі жылына 10 пайызға жететін экспорттың таң қаларлықтай өсу қарқынын сақтап қалды. Негізінен шикізат өнімдері экспортқа шығарылады, оның құрылымында мұнай, металл және бидай жалпы экспорт көлемінің 80 пайызға жуығын құрайды. Мұндай минералдық ресурстарды пайдалануға бағытталған әртараптандырылмаған экономикалық құрылым халықтың аз ғана санын жұмыспен қамтуға және табыстың сақталып тұрған теңсіздігіне айтарлықтай ықпал ететіндіктен белгіленген өңірлерде экономикалық белсенділікті шоғырландыруға әкеледі. Бұдан басқа, соңғы жылдары шикізат өнімдеріне тәуелділіктің өсу үрдісі байқалуда, мұндай адым ұлттық валютаны шын мәнінде нығайту арқылы басқа да экспорттық салаларды бәсекеге қабілетсіз етуі мүмкіндігімен түсіндіріледі. Экспорттың шикізатқа жалғасып келе жатқан шоғырлануы экономиканы мұнайға бағаның ауытқуы сияқты сыртқы талдырмаларға барған сайын барынша әлсіз етуде.

Барлық осы мәселелер Үкіметке адамдардың тұрақты әл-ауқатын және оны тең

бөлуді қамтамасыз ету үшін экспорттық әлеуетті басқару ісінде алға ұмтылдырады. Үкімет бұл басымдықтарды ұғынады және қаржы жұмсалымдары саясатын жақсарту, әсіресе, әлеуметтік салада және экономикалық жағынан әртараптандыруды ілгерілету және экономиканың шикізаттық емес секторларын өсіру жолдарын іздестіреді. Өзінің импорт алмастыру саясатынан экспортқа бағдарланып өсуге назарын аудара отырып, Үкімет сауданы қолдау институттары мен сауда инфрақұрылымдарын дамытуға арналған бюджеттік шығыстарды арттыруда. Халықтың басым бөлігінің болып жатқан экономиканың өсу жемісін көру үшін халықты жұмыспен қамту мен табысты арттыру үшін неғұрлым еңбекті көп қажет ететін секторларын әртараптандыруға одан әрі күш салу қажет.

2. Шағын және орта кәсіпорындарды донорлық қолдау және экспортты дамыту

Қазақстанның экономикасы үздіксіз дамуына қарамастан кедейшілік деңгейі, әсіресе, ауылды жерлерде жоғары деңгейде қалып тұр. ХСО бағдарламасының бағалау кезеңі бизнес жобамен байланысты Қазақстанда жұмыс істейтіндердің көпшілігі экспортты қолдауға көмектесуден гөрі компаниялардың деңгейінде басқаруға және кедейлікті төмендету саласында тікелей көмек көрсете отырып, бизнес ортаны жақсартуға шоғырланғанын көрсетті.

А з и я Д а м у Б а н к і (А Д Б)

Қазақстан АДБ-ға 1994 жылы қосылды. Қазақстандағы АДБ стратегиясы Үкіметтің реформаларын, институтционалдық қайта құруды және табиғи ресурстарды басқаруға жәрдемдесу арқылы әлеуметтік қорғауды қолдауға; ұзақ мерзімдік өсудің әлеуетін нығайту жеке меншік секторын дамытуды көтермелеуге бағытталған. Стратегия сондай-ақ инфрақұрылымды дамытуда, әсіресе, қайта қалпына келтіру; білім беру мен оқыту; ауыл шаруашылығы мен ауылды жерлерді дамыту жобаларында түрлендірулер жасайды. 2002 жылы АДБ 2004-2006 жылдарға арналған көмек беру бағдарламасын қамтитын жаңа Елдік Стратегия мен Бағдарламаны дайындауды бастады.

Е у р о п а л ы қ О д а қ (Е О)

ЕО тұтастай алғанда ТМД-дан кейінгі Қазақстанның екінші саудалық серіктесі болып табылады және еркін нарықтық экономика контекстінде Қазақстанмен бірге өзінің сауда жағдайларын дамытуда үлкен мәнге ие. Еуропалық Одақ Қазақстанның ДСҰ-ға кіруін қолдайды және ЕО саудасы мен оның Қазақстанға инвестицияларын атап айтқанда, экономикалық және заңнамалық реформаларын техникалық көмекпен қолдай отырып дамыту үшін, шаралар қабылдауды жалғастыруда.

ЕО мына және басқа да салаларда бірнеше жобаларды іске қосады: Қазақстанның ДСҰ-ға кіруін қолдау; Саяси консультациялар жобасы шеңберінде нормативтік-құқықтық аспектілерге, атап айтқанда "Техникалық реттеу туралы" заң жобасына бағытталған кіші жоба; және халықаралық сауда құқығы мен ДСҰ саласында жоғары білім сапасын арттыруда 1 миллион еуро жалпы бюджетімен Үкіметке көмек

б е р у .

Жақында ЕО дамушы елдерден шыққан экспортшылар үшін тікелей қол жеткізу режимінде (он-лайн режимі) жұмыс істейтін "анықтама стөлін" іске қосты. "Анықтама стөлі" ЕО импорт тарифтері мен преференциялары, сауда статистикасы, шыққан елінің тиісті ережелері мен кедендік құжаттаманың талаптары туралы іс-жүзіндегі және жан-жақты ақпаратты ұсынады. Сондай-ақ ЕО-ның импортшылары мен дамушы елдерден шыққан экспортшылар арасында он-лайн режимінде ақпарат алмасу мүмкіндігін ұсынады.

ТАСИС-тің **"Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдау - Рыногтың тік құрылымын құруды қолдау"** жобасы өз жұмысын 2001 жылғы маусым айында бастады және маркетингтің біріктірілген жүйесін құрудың негізінде жергілікті ауыл шаруашылығы өнімдерін сатуды арттырып, соның арқасында саланың өнімділігі мен пайдалылығын арттыру мақсатына ие. Жобаның негізгі жұмыстарына техникалық көмек беру және Қазақстанның төрт алғашқы үлгілік өңірлерінде тамақ өнімдерінің экспортына жәрдемдесуге оқыту кіреді. Жоба сондай-ақ тамақ өнімдерінің стандарттарын халықаралық талаптармен үйлестіру мәселелерін де қамтиды.

Еуропа Қайта Жаңарту және Даму Банкі (ЕҚДБ)

ЕҚДБ-ның Қазақстандағы жұмысы мұнай және газ секторында табысты активтер қалыптастыруға және шағын және орта кәсіпорындар секторын дамытуға шоғырланған. Сондай-ақ Банк пен Үкімет арасында көлік пен муниципальдық салаларды қаржыландыру жөнінде берік және іс-қимылдық қатынастар қалыптасқан. ЕҚДБ сондай-ақ Сауданы Қаржыландыру бағдарламасы мен жақында іске қосылған Астықты Қолхат бағдарламасын (Grain Receipts Programme) айтарлықтай кеңінен пайдалануға қол жеткізді.

S e c o

Швейцария Үкіметінің Экономикалық Істер жөніндегі хатшылығы (seco), Дүниежүзілік Банк тобының Халықаралық Қаржы Корпорациясымен (IFC) және АҚШ-тың Халықаралық Даму агенттігімен (USAID) бірлесіп шағын және орта кәсіпорындардың (ШОК) өсуіне бағдарланған техникалық көмекті графтық қаржыландыруға қаражат инвестициялады, оларды өңірлерде Шағын кәсіпорындардың Орталық-Азия Қоры (SEAF) сәйкестендірген болатын. Бұл қаражат ШОК-та күрделі инвестициялармен айналысатын қорға өзінің операцияларын реттеу және іріктеу арқылы ШОК-қа капитал беруді арттыруға көмектеседі.

Орталық Азиядағы BAS бағдарламасы

Бағдарлама 2001 жылғы қазан айында жасалған болатын және бастапқы кезде Жапония Үкіметі қаржыландырды. Қазіргі уақытта қаражатты Швейцария Үкіметі бөлуде. Еуропа Қайта Жаңарту және Даму Банкі атқаратын бағдарлама жобаларды зерттеу мен дамытуға бюджетті дайындауға, сапа жүйелері және АТ басқару жүйелері бойынша консультацияларға гранттар беру (10,000 \$-ға дейінгі сомаға 50% шығын) арқылы жергілікті азаматтарға тиесілі шағын және орта кәсіпорындарды дамытуға

көмектесу мақсатына ие. Бағдарламаның жалпы бюджеті 1.7 \$ миллионды құрайды.

АҚШ-тың Халықаралық Даму агенттігі (ЮСАИД)

ЮСАИД оның көмектерінің басым бөлігі орталық Үкіметке емес, жеке меншік немесе жергілікті топтар мен институттарға арналған және Американдық және Қазақстандық институттар арасында серіктестікті дамытуға бағытталған болғанмен Қазақстандағы аса маңызды құрылымдық реформаларды қолдауды жалғастыруда. Экономикалық реформалар саласында, агенттік сауда мен инвестициялар мәселелеріне, атап айтқанда, Қазақстанның ДСҰ-ға мүшелігіне аса назар аударуда. ДСҰ-ға кіруді қолдаудан басқа, ЮСАИД Қазақстанға сауда және инвестициялар мүмкіндіктерін кеңейту үшін барынша қолайлы ортаны дамытуда техникалық көмек көрсететін болады. ЮСАИД-тың көмегі жеке меншік институтын қамтамасыз ету мен нарық субъектілеріне коммерциялық операциялар жүргізу құқығын беру арқылы инвесторлардың сенімділігін нығайтуға қажетті коммерциялық нормативтік-құқықтық базасын жасау прогресін жеделдетеді. Бюджеттік және қаржылық реформалау саласында ЮСАИД сапалы түрде салықтық әкімшілік етуді, мемлекетаралық қаржы реформаларын, және ұлттық және жергілікті деңгейлерде бюджеттік жүйені реформалауды қолдауды өсіреді, сондай-ақ капитал рыногы саласында қаржы секторы реформаларына, зейнетақы жүйесі, банктік қадағалау мен бухгалтерлік есеп реформаларына көмек көрсетуді жалғастырады.

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жоба (ЮСАИД/Прагма) - бұл барлық 5 елде әртүрлі деңгейде жұмыс істейтін Орталық-Азиялық өңірлік бағдарлама. Жоба Қазақстанда 2000 жылы іске қосылған болатын. Ол кәсіпорындарға жоспарлау жөніндегі және сол сияқты консалтингке, оның дамуына көмектесу үшін бірқатар қызметтер көрсетеді.

9 миллион \$ бюджеті және 20 адамға жуық штаты бар жоба Алматы қаласында негізгі кеңсе және 4 өңірлік кеңсе ашты. 2002 жылғы желтоқсан айында жоба шамамен 400 компанияға бағалау жүргізді және 100-ге дерлік компаниялармен тығыз жұмыс істеді.

Жобамен сәйкестендірілген негізгі қажеттіліктер мыналарды қамтиды:

- Маркетингке оқыту
- Қаржыны басқару жөнінде ақыл-кеңес беру
- Мүмкіндік беретін сауданы қаржыландыруға қол жеткізу
- Тасымалды жақсарту
- Шекаралық тосқауылдарды азайту.

"MAS-Q стандарттарына сәйкестендіру арқылы саудаға және рынокқа қол жеткізуге жәрдемдесуді арттыру (MAS-Q бағдарламасы)" - метрология, аккредитациялау, стандарттар мен сертификаттау саласындағы халықаралық нормаларды (MAS-Q) білуін арттыру арқылы, осылайша, халықаралық стандарттар мен сертификаттау және аккредитациялау рәсімдерін өзара мойындаудан түсетін пайданы ілгерілеті отырып, саудаға және рынокқа қол жеткізуге жәрдемдесуде түрлендіру жасайтын Орталық

Дүниежүзілік банк тобы

1992 жылғы шілде айынан бастап Дүниежүзілік банк жалпы сомасы 1.9 миллиард АҚШ долларына 22 заем берді. Бастапқыда мемлекеттік активтердің жеке меншікке өтуіне, директивтік кредиттердің тәжірибесін қысқартуға, кәсіпорындарды қайта құрылымдау мен рынокқа бағытталған банктік сектордың негізін салуға бағытталған қаржы және жеке меншік секторларының реформаларына аса көңіл бөлінді. Қазіргі кездегі экономикалық өсу мен сыртқы өзара іс қимылдарда қажеттіліктің төмендеуі жағдайларында Қазақстан Республикасының Үкіметі Дүниежүзілік банкпен саяси сұхбат және білімдер ұсынудағы ынтымақтастық стратегиясына тоқталып өтті. Соған қарамастан, Үкімет пен Дүниежүзілік банктің ұзақ мерзімді ынтымақтастығының негізгі салаларына су және орман шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау мен ауыл шаруашылығы кіреді.

Қазақстан Республикасының Үкіметінде Қазақстанда жұмыс істеп жатқан барлық қазіргі донор бағдарламалар туралы толық ақпарат жоқ. Сондықтан донорлардың қызметі туралы толық ағымдағы деректер базасы жоқ.

Кестеде ұсынылып отырған шағын және орта кәсіпорындарды қолдау бағдарламасына неғұрлым жақын бағдарламалар туралы ақпарат келтірілген, және олар осы жоба шеңберінде жоспарланған қызметті толықтыруы мүмкін.

1-кесте. Сауданы дамыту мен кәсіпорындарды қолдау саласындағы техникалық көмек

Донор	Жобаның атауы	Көмек көрсету аясы	Басы - Соңы	Көлемі	Түсініктеме (АҚШ доллары)
Швейцария Үкіметінің (soco)	ЕҚДБ/ Бизнеске	Білікті бизнес консульта. циялық қызметтер көрсету	2001 - деректер жоқ	деректер жоқ	ЕҚДБ орындауда жоқ тарды тарту арқылы ШОК қолдау бағдарламасы (BAS)
ЕС/ ТАСИС	1) ШОК-ны біліктілікке	Мемлекеттік басқару реформалары,	1) 2003 жылғы сәуір -	1) 900000 Еуро;	Қазақстан Республикасының Индустрия

оқыту; мемлекеттік 2004 2) және сауда
кәсіпорын. жылғы 200000 министрлігі
дарды қайта қазан; Еуро;
құрылымдау, 2) 2003 3)
2) Инвести. жеке меншік жылғы 2 млн.
циялар секторын мамыр - Еуро;
қоры; дамыту, 2004
көлік және жылғы
коммуника. сәуір;
3) Ауыл шаруашылы. инфрақұры. жылғы
ғының лымдарды, маусым -
бірікті. тамақ 2004
рілген өнімдерінің жылғы
маркетин. тиімді өнді. маусым;
гін қолдау; рісін салу
4) Т R A C E C A
(Е у р о п а -
К а в к а з -
О р т а л ы қ
А з и я к ө л і к
д ә л і з і) ;

GTZ Экономика. Саудамен деректер деректер Алматы,
лық даму; байланысты жоқ жоқ Астана,
Менеджмент. институттар. Көкшетау,
ті дамыту; да құқықтық Павлодарда
Ауыл шаруа. реттеуші жұмыс
шылығында реформала. істеуде
қызметтер рын қолдау
к ө р с е т у ;
С а п а н ы
б а с қ а р у
б о й ы н ш а
о қ ы т у ;
К е д е й л і к т і
т ө м е н д е т у ;
О р т а л ы қ А з и я
м е н К а в к а з д а

с о т ж ә н е
қ ұ қ ы қ т ы қ
р е ф о р м а л а р

ПРООН	1. "Жібек жолы" бағдарламасы: Өңірлік ынтымақтас. тық пен дамытудың әлеуетін көтеру;	1. Қысқа және орта мерзімді перспек. тивада сауда мен көлікті қолдау.	2. ШОК-ны дамыту.	1) 2000 жылғы ақпан - деректер жоқ; 2) 1995 - дерек. тер жоқ; 3) 2000 жылғы мамыр - 2004 жылғы желтоқ. сан	1) 1.2 млн. АҚШ долл.; 2) 0.5 млн. АҚШ долл.; 3) 0.3 млн. АҚШ долл.
-------	--	---	-------------------	--	---

USAID/ Прагма корпорациясы	Кәсіпкерлік дамуды жөніндегі жоба	Кәсіпорын. дарды қол. дау, Сатып алу-сату бойынша жұмыс	Басы- 2000 Басы - 2001	деректер жоқ	Кәсіпкерлікті дамыту жөнін. дегі орталық. тар Алматы, Өскемен, Павлодар, Орал және Атырау қалаларында бар
MAS-Q	бағдарлама.	Метрология, аккредитациясы			стандарттар және сертификаттау (MAS-Q)

USAID/ Еуразия	Жеке меншік кәсіпорын.	ШОК-ны қолдау	деректер жоқ	деректер жоқ
-------------------	------------------------	---------------	--------------	--------------

қ о р ы

д а р д ы

ж о б а л а р ы
д а м ы т у

Дүниежү. зілік банк	1) Эконом. калық зерт. теулердің қазақстан. кен жобасы; 2) Жол көлігі	Негізгі салалар макроэконо. миканы, су дық бірлес. шаруашылы. ғын, қорша. ған ортаны ж о б а с ы ;	деректер жоқ	деректер жоқ	1. Банк пен Үкіметтің қоса қаржы. ландыруы мен орман Банктің Үкіметке қарызы және ауыл шаруашылығын қ а м т и д ы .
---------------------------	---	--	-----------------	-----------------	---

АБР	Көлік және коммуникация инфрақұры.	Көлік және коммуника. циялар инфрақұры.			Бұл бағдарла. малар қарыз. дар болып табылады л ы м д а р ы н ж а қ с а р т у , с о н д а й - а қ ж е к е л е г е н а у ы л д ы қ м е к е н д е р т ұ р ғ ы н д а р ы . н ы ң ө м і р с ү р у ж а ғ д а й . л а р ы м е н д е н с а у л ы ғ ы н ж а қ с а р т у .
-----	--	--	--	--	--

USAID/
ACDI/
VOCA

Қазақстанда,
Қырғызстан.
да, Тәжік.
станда және
Өзбекстанда
кредиттік
серіктес.

т і к т е р д і
н ы ғ а й т у

USAID/ Win rock interna. tional	Фермер- Фермерге бағдарлама. сы, Орталық	Фермерлер мен агро. бизнес жұмы. сын жақсарту А з и я Р е с п у б . л и к а л а р ы (F a r m e r - t o - F a r m e r P r o g r a m , C e n t r a l A z i a n R e p u b l i c s)	
SECO /IEC/ USAID	Орталық Азиядағы	ШОК-ға инвестиция. шағын және орта кәсіп.	деректер деректер жоқ жоқ лар, Басқару о р ы н д а р қ о р ы (S E A F)
Ізгілік корпусы	Азия кредит беру қоры	Шағын бизнесті (A C F) ,	деректер деректер жоқ жоқ дамыту ш а ғ ы н б и з . н е с к е к р е д и т б е р у д і ң А л м а т ы қ а л а . с ы н д а ғ ы т ә у е л с і з ж а ң а қ о р ы
Сороса/ US қоры	Экономикалық реформалар	Ықшамбиз. неске бағдарламасы	аяқталуы желтоқсан микро к р е д и т б е р у ,

A I D / A C D I /
V O K A

2 0 0 3

Халықара. лық Қаржы корпора. циясы (I F C / U S A I D)	Басталуы деректер қазан, жоқ 2003 - деректер жоқ	Бұл жазба Қазақстанды қоса отырып, Орталық Азияда лизингті дамыту жөнін. дегі бұрын қолданылған серіктестік жобаның жалғасы болып табылады
---	--	--

MASHAV/ Израил Үкіметі	Шетелде тауарларды маркетингтік ілгерілету	Экспортты дамыту	деректер жоқ	деректер жоқ	Қазақстандық Бизнес инкубаторлары қауымдастығы мен Инновациялық орталықтары жүзеге асыра. тын оқыту, семинарлар сериясы
------------------------------	---	---------------------	-----------------	-----------------	---

SECO/ ПРООН	МТЦ/КАЗ/97/ 019 Сауданы ілгерілету және Экспортты дамыту	Іріктеліп алынған тігін кәсіп. орындарына экспортты дамытуға көмектесу мен сауда-	1998 жылғы 1 шілде 2002 жылғы 30 сәуірге дейін	US\$ 375000 (US\$ 300000 SECO US\$ 75000 ПРООН)
----------------	---	--	---	--

В. Шешуге жататын проблемалар және жобаның стратегиясы

1. Шешуге жататын проблемалар

Сыртқы сауданы жақсарту мақсатты рыноктардың талаптарына сәйкестендіру үшін сапаны арттыруды, және рыноктарды әртараптандыру мен ұлғайтуды қоса алғанда, саяси орта, кәсіпорындардың бәсекеге қолайлы қабілеттігі, сыртқы сауданы дамыту стратегиясы, қаржылық қызметтер көрсету мен бизнес-консалтинг қызметтерін көрсетуге қол жеткізу, өнімдер мен қызметтер көрсетуді әртараптандыру сияқты көптеген құрамдас бөліктерін жетілдіруді талап етеді.

Ұсынылып отырған жоба Үкіметпен ынтымақтасуда Халықаралық Сауда Орталығы (ХСО) сәйкестендірген және бағалаған іріктелген басым қажеттіліктердің аясын қамтиды. Қажеттіліктердің басымдықтары Алматы қаласындағы кездесу кезінде (1-2 шілде, 2003) айқындалған болатын, 2003 жылғы жаз ішінде егжей-тегжейлі қаралған және 2003 жылғы қазан айының басында ХСО миссиясы кезінде расталған болатын.

Шешуге жататын қажеттіліктер мен проблемалар үш салаға топталынды: кәсіпорындар деңгейіндегі көмек, дамушы бизнес қолдау институттарына көмек және мемлекеттік және жеке меншік секторлары арасындағы сұхбатты дамытудың тәсілі ретінде ұлттық/салалық стратегияларды дамыту.

Экспортты ілгерілетудің шараларына толықтыру ретінде жекелеген кәсіпорындардың экспорттық бәсекеге қабілеттігін көтеру үшін өнімділікті, өндірушілердің өздерін де және сол сияқты олардың қосалқы өндірістерінің де сапасы мен технологияларын арттырудың жалпы шаралары қажет. Кәсіпорындарға олардың саудасын дамытуда әртүрлі сипатта көмек қажет. Бұл ретте, көмектің нақты профилі кәсіпорынды дамытудың кезеңіне және түріне байланысты болады. Экспорттық өнімдердің болмауы, мысалы, неғұрлым талабы мықты рыноктардың сапа талаптарына экспорт рыногы туралы ақпараттың жоқтығына, сауда және жақында құрылған (немесе жекешелендірілген), экспорттық әлеуеті бар өндірістерді басқару машықтарының болмауы мен білікті мамандардың жетіспеуіне байланысты.

Бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін сондай-ақ сауданы дамытудың тиісті институттарын жетілдіру қажет. Ұлттық деңгейдегі не бәсекеге қабілеттілік пен экспортты дамытудың пәрменді институционалдық инфрақұрылымы мен оны дамытудың жалпы үйлестіруші тетігі, не экспортқа шығаратын қоғамдастыққа сауданы

қолдаудың мамандандырылған қызметтерін көрсете алатын сауданы қолдаудың тиімді құрылымдары (кәсіби ұйымдар мен палаталар сияқты) жоқ.

Қазақстан Республикасының Үкіметі экономикалық даму және бизнесті қолдауды жоспарлаумен шұғылданауда бірақ бұл процесс экспортты дамыту жөніндегі барлық мүдделі тараптардың белсенді күштерінің арқасында күшейтілуі мүмкін. Мемлекеттік және жеке меншік секторларының тиімді байланысы даму үстінде, және институтционал аралық және функционал аралық үйлестіру шоғырландыру мен нығайтуды қажет етеді. Жеке меншік секторының қазіргі ұйымдары нақты ықпалы немесе беделі жоқ, не басқа елдердегі жеке меншік секторының ұйымдары сияқты жақсы үйлестірілмеген және балама қаржыландырылмайтын бизнес мүддесінің әлсіз л о б б и і н қ ұ р а й д ы .

Негізгі үш облыстарда белгіленген проблемалар төменде қысқаша ұсынылған:

2. Кәсіпорындар деңгейінде

Өнімдер мен рынокты дамыту: неғұрлым талабы мықты рыноктардың талаптарына жауап беретін экспортқа шығарылатын өнімдердің болмауы немесе шектеулі номенклатурасы; әрі өнімдер бойынша, әрі рыноктар бойынша экспортты ә р т а р а п т а н д ы р у д ы н қ а ж е т т і л і г і ;

Сатуды дамыту: кәсіпорындар сауданы ілгерілету мен қоғамдық жұмыстың, маркетингінің, сатудың өзінің және сатудан кейінгі қызметтің арасындағы айырмашылықты әрдайым түсіне бермейді. Бұл компаниялардың өз қызметін жоспарлауына және оларға тиісті түрде жоспарлауға қажетті ақпаратқа әсер етеді; негізінен әлі де көптеген кәсіпорындар өз тұтынушыларының белсенді іздеушілерінен гөрі тұтынушылардың талап/тапсырыстарын алушылар ретінде қалуға бейім;

Экспорттық әлеуетті бар жақында құрылған (немесе жекешелендірілген) ШОК-ны басқарудың білікті коммерциялық және кәсіби кадрларының жетіспеуі;

Кәсіпорындардың басшылары көбіне өндіріске баса назар аударады және өнімдерді сүйемелдейтін қызметтерді халықаралық клиенттер талап ететін толық пакеттің бөлігі д е п қ а б ы л д а м а й д ы ;

Кәсіпорындардың басшылары әртүрлі елдердегі рыноктық сұраныстың айырмасын жете түсінбейді, бұл белгілі бір елдерге экспортқа қатысты тым нық сенімді болжалды б е р е д і ;

Құнды жасаудың және оны маркетингтік жоспарлар дайындау процесінде пайдаланудың тізбегін басшылардың түсінуі шектеулі ғана, және олардың ғаламдық рынокқа жаңа өнімдермен және қызметтермен кіруіне кедергі келтіреді. Бұл сондай-ақ ұлттық және сол сияқты сыртқы рыноктарда әртүрлі компаниялар мен ұйымдар арасында желілер құру тәжірибесін түсінуге кесірін тигізеді;

Кәсіпорындар деңгейінде бизнесті дамыту мақсатында мұндай ақпаратты қалай пайдалану жөніндегі саудалық ақпараты мен білімінің жоқтығы кәсіпорынның жаңа клиенттерге к ө з д е л у қ а б і л е т і н ш е к т е й д і ;

Елімізде өндірілетін өнімнің едәуір саны неғұрлым талабы мықты рыноктардың сапаға қойылатын талаптарына сәйкес келмейді. Жалпы, әлі де ескі Кеңестік стандарттар қолданылып жүр;

Кәсіпорындардың, сауданы қолдау институттарының (СҚИ) және Үкіметтің ведомстволарының арасында байланыстың жоқтығы айқын. Кәсіпорындар, СҚИ, үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) және үкіметтік ұйымдар арасында көпжақты желі құру сауданы ілгерілетудің тиісті түрде жұмыс істейтін ұлттық құрылымын құру үшін аса маңызды роль атқарады.

3. Бизнесті қолдау құрылымдарының деңгейі

Тиімді институтционалдық инфрақұрылымның және сауданы ілгерілету мен экспортты дамытуды үйлестіру үшін жалпы тетігінің болмауы;

Сыртқы сауда әдістері саласында сол қоғамдастықтың сараптамасын арттыру және/немесе өз өнімін халықаралық рыноктарда қалай неғұрлым бәсекелі ету мақсатында экспортқа шығаратын қоғамдастыққа сауданы қолдаудың мамандандырылған қызметтерін көрсете алатын сауданы қолдаудың тиімді ұйымдарының (кәсіби ұйымдар мен палаталар) жоқтығы;

Стандарттау ұлттық органдары қызметкерлерінің білімінің, атап айтқанда, халықаралық стандарттар және сәйкестігін растау рәсімдерін өзара тану саласында болмауы;

Барлығына арналған жалпы экспорт мәселелерін талқылауға және барлық қазақстандық компаниялардың мүддесін білдіруге бизнес үшін заңды **ФОКУС**тар ретінде толық деңгейде жұмыс істей алмайтын салалық әлсіз қауымдастықтар.

4. Ұлттық және салалық стратегия деңгейі

Жан-жақты және біртұтас ұлттық және салалық стратегиялардың болмауы; бұл сондай-ақ экспорт проблемаларының белгіленуін қамтамасыз етуі және мүмкіндігі, қатерлері, күшті және әлсіз жақтары бар елдер үшін **"қайта терең ойлауға"** және проблемаларды шешуде күш біріктіруге мүмкіндік беруі мүмкін мүдделі тараптар арасында сұхбаттың жоқтығын білдіреді;

Мемлекеттік және жеке меншік секторлар серіктестіктерінің тетіктерін қоса алғанда, сыртқы сауда стратегиясын әзірлеуді іс-жүзінде жүзеге асыру тетіктерінің жоқтығы;

жеке меншік және мемлекеттік секторлар арасында тиімді байланыстың жоқтығы және институтционалдық буындар мен ел деңгейіндегі функционалдық элементтер арасында үйлестірудің жеткілікті болмауы; және

Электронды сауда мүмкіндіктерін жеткілікті түсінбеу және қолданбау. Орталық Азия елдері өздерінің ұлттық сауда стратегияларының шеңберінде бағдарламалар мен жобалар әзірлеуде жаңа ақпараттық технологиялардың артықшылықтарын және коммуникация технологияларын пайдалану ниетін білдіруде.

5. Жобаның стратегиясы

Алдыңғы бөлімде сипатталғандай, Орталық Азия кәсіпорындарының сауда

әлеуетіне әсер ететін көптеген проблемалар бар. Халықаралық рыноктарда көптеген өнімдердің бәсекеге қабілетсіздігі кәсіпорындар басшылары мен қызметкерлерінің білімдері мен машықтарының жетімсіздігінен, сауда ақпараты, сапаны растау немесе сауданы қаржыландыру сияқты бизнесті қолдау қызметтерінің жоқтығынан немесе жетіспеуінен, және ресми тіркелген саудаға қолайсыз әсер ететін макро-ортадан т у ы н д а й д ы .

Сондықтан мұндай жағдайда сауданың дамуына техникалық көмек бағдарламасы үшін қиын, бір жағынан, қажеттіліктердің көптігіне қарағанда тым шектеулі ресурстармен жеткілікті **ФОКУС** сақтап қалу, ал екінші жағынан - **проблемалық салалардың аз бөлігіне талғамалы басқыншылықты болдырмау** олар кәсіпорындардың экспорттық бәсекеге қабілеттігін көтерудің талап етілетін тиімділігін бере қояр ма екен. Өйткені сауданы дамытуда кездесетін кедергілер көп, олардың ішінен біреуін немесе екеуін жою ахуалды түзеу үшін жеткілікті болмайды.

Бұл жоба процесті тежейтін факторларды ескере отырып әзірленген болатын. Бұдан басқа, елеулі нәтижелерге экспорттың нәтижелеріне ықпал ететін көптеген факторлар техникалық көмек бағдарламасының ықпалынан тыс қалған жағдайда қысқа мерзім ішінде (5 жыл) қол жеткізілуі тиіс. Нәтижелер сондай-ақ кәсіпорындардың едәуір бөлігі үшін тұрақты және пайдалы болуы тиіс, яғни, жобаны іске асыру кезінде іріктелген компаниялар санының экспортын арттырып қана қою жеткіліксіз. Және соңғысы, егер ШОК әлемдік бәсекеге неғұрлым төмен дайындықта болса да, олар бас бенефициар б о л у ы т и і с .

Жобаны әзірлеу процесі қажеттіліктерді бағалау мен растаудың нәтижелеріне, және кіріспеде сипатталғандай, бағдарламаның бірінші кезеңі кезінде Үкіметпен консультациялар процесіне негізделген болатын. Бір бағдарламаның шеңберінде экспортты дамытудың барлық қазіргі кедергілерінің ішінен шектеулі бөлігін ғана шешуге болатындығы және бірінші кезеңді іске асыру кезінде проблемаға терең талдау жүргізу басқыншылық үшін басымдықтарды кристалдандыруда айтарлықтай үлес қосқандығы барлық тараптарға түсінікті. Соған қарамастан, сыртқы сауданы дамытудың функционалдық саласын да, сондай-ақ басым саласын да қамти отырып, техникалық көмек көрсетуді талап ететін және Үкімет белгілеген салалар көптеген. Жобаның қызметін бөлшектеу процесінде саудадағы тиісті кедергілердің салыстырмалы маңыздылығы ХСО сараптамаларының салыстырмалы мықты жақтары да, басқа да донорлар көрсететін көмек те теңдей ескерілді.

Осы факторларға орай салалық тәсіл жобаның стратегиясы ретінде таңдап алынды. Интервенциялар сұранысқа бағдарланған болуы және өз кезегінде, макро-ортаны жақсартуға шоғырландыруға әкелетін үш негізде - кәсіпорындарды қолдау, бизнесті қолдау ұйымдарын дамыту мен мүдделі тараптар арасындағы сұхбатқа жәрдемдесуде құрылуы тиіс. Бұдан әрі, жоба мамандандырылған институттар арасында ақпарат

